

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

ЖОБА

**«ПЕДАГОГТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ІЗДЕНІС ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ
ЖӘНЕ ДАМУ»
тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының
білім беру бағдарламасы**

Ақтау 2026 ж.

Бағдарлама авторы:

Көкшеева Зайни Таласқызы – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, «Жалпы педагогика» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Бағдарлама:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің талаптарын ескере отырып әзірленген.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Глоссарий.....	5
3. Бағдарлама тақырыбы.....	6
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері.....	6
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	7
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....	9
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....	9
8. Оқыту нәтижелерін бағалау.....	10
9. Курстан кейінгі қолдау.....	12
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....	13

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығымен бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары» талаптарына сәйкес әзірленді. Бағдарлама педагогтердің ғылыми-ізденіс әлеуетін дамытуға, білім беру үдерісіне зерттеушілік мәдениетті енгізуге және педагогтің кәсіби қызметіндегі ғылыми дәлелдерге негізделген шешімдер қабылдау қабілетін күшейтуге бағытталған.

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы №12 бұйрығы;

3. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

4. «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы;

5. Цифрлық трансформация, инклюзивті білім беру, дербестендірілген оқыту, халықаралық зерттеулер (PISA, TALIS, TIMSS) нәтижелерін талдау педагогтың зерттеушілік қызметін білім сапасын арттырудың маңызды факторы ретінде танытады. Осыған орай, педагогтің ғылыми-ізденіс әлеуетін дамыту — отандық білім беру жүйесінің жаһандық өзгерістерге бейімделуінің, ғылыми негізделген педагогикалық шешімдер қабылдаудың және инновациялық тәжірибені тиімді енгізудің негізгі алғышарты болып табылады.

6. Бағдарлама мазмұны келесі стратегиялық құжаттармен үйлеседі: «Білімді ұлт» ұлттық жобасы; Орта білім мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы; Педагог мәртебесі туралы заң; Ғылымды дамыту тұжырымдамасы (2022–2026). Бұл құжаттар педагогтердің кәсіби дамуын, дәлелді педагогиканы, зерттеуге негізделген оқытуды қолдайды.

7. Бағдарлама халықаралық тәжірибеге негізделеді: Evidence-based education; Action Research, Lesson Study; Data-informed decision making; Lifelong learning және үздіксіз кәсіби даму; Педагогтің зерттеуші-практик ретіндегі моделі. Осы бағыттар білім беру сапасын арттырудың негізгі жаһандық трендтері болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде педагогтің рөлі тек оқытушылықпен шектелмей, зерттеушілік қызметпен толықтырылуда. Оқыту сапасын арттыру,

мәселені деректер арқылы анықтау, тәжірибені талдау және жаңғырту – педагогтің кәсіби құзыреттілігінің маңызды бөлігі.

2. ГЛОССАРИЙ

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС)- Қазақстан Республикасының барлық білім беру деңгейлерінде білім берудің құрылымына, мазмұнына және нәтижелеріне, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттарына қойылатын міндетті талаптарды анықтайтын нормативтік құжат.

Педагог мәртебесі туралы ҚР Заңы - педагог қызметкерлердің кәсіби құқықтары мен міндеттерін реттейді, біліктілік пен құзыреттілікке қойылатын талаптарды белгілейді

Ғылыми-ізденіс әлеуеті - педагогтің білім беру тәжірибесінде зерттеу жүргізу, жаңа әдістерді сынау және талдау қабілеті. Мұғалімнің кәсіби дамуы мен оқыту сапасын арттырудың негізіболып табылады.

Іс-әрекет арқылы зерттеу - Педагогтің өз тәжірибесін жүйелі түрде зерттеу, талдау және жетілдіру үдерісі. Қазақстандағы мектеп практикасына Lesson Study, кәсіби дамытуға бағытталған зерттеу әдісі ретінде енгізіледі.

Зерттеушілік құзырет - Педагогтің зерттеу жүргізу, талдау жасау және нәтижелерді тәжірибеге енгізу қабілеті. Мұғалімнің кәсіби деңгейін арттырудың негізгі көрсеткіші.

Педагогтің рефлексиясы - Оқыту тәжірибесін жүйелі түрде бағалау және жетілдіру үдерісі. Педагогикалық шешімдердің тиімділігін арттыру, кәсіби өсуге ықпал етеді.

Цифрлық педагогикалық құралдар - Оқыту процесінде қолданылатын бағдарламалық және техникалық шешімдер. Зерттеушілік тәжірибені цифрландыру және заманауи оқыту технологияларын енгізуге мүмкіндік береді.

Lesson Study - Мұғалімдер тобының бірлесіп сабақ жоспарлап, жүргізіп, талдау жасау тәжірибесі. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мен үздіксіз кәсіби даму құралдарының бірі.

Дәлелді педагогика) Білім беру шешімдерін ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып қабылдау. Мұғалімнің педагогикалық тәжірибесін тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Деректерге негізделген шешім қабылдау - Оқу процесі мен педагогикалық іс-әрекеттерді нақты статистикалық, зерттеу деректеріне сүйене отырып басқару. Бағдарламадағы зерттеушілік компоненттің маңызды элементі.

Кәсіби даму бағдарламасы - Педагогтің кәсіби құзыреттілігін, зерттеушілік және әдістемелік дағдыларын жетілдіруге арналған жоспарланған оқу бағдарламасы. Бағдарлама педагогтің ғылыми-ізденіс әлеуетін жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған.

Үздіксіз кәсіби даму - Педагогтің кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіруі

3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫПТАРЫ

Модуль	Сабақтың тақырыптары:
1. Ғылыми-зерттеу негіздері	1.1. Ғылыми зерттеу әдіснамасын түсіндіру; Ғылыми зерттеу әдістерін меңгеру: зерттеу әдіснамасы, ғылыми аппараты, әдебиетпен жұмыс істеу
2. Action Research және Lesson Study	2.1. Сабақты зерттеу әдістерімен жоспарлау және талдау (Action Research, Lesson Study) 2.2. Сабақты жоспарлау, бақылау, талдау әдістерін қолдану 2.3. Топтық зерттеу жұмыстарын жүргізу
3. Дәлелді педагогика және деректерге негізделген шешім қабылдау	3.1. Деректерге негізделген шешім қабылдау 3.2. Деректер жинау, өңдеу және интерпретациялау 3.3. Сабаққа нақты өзгерістер енгізу
4. Цифрлық құралдар және инновациялық әдістер	4.1. Цифрлық құралдар мен инновациялық әдістерді қолдану 4.1. Заманауи технологияларды зерттеу және сабақта қолдану 4.2. Оқыту үдерісін цифрландыру
5. Рефлексия және кәсіби даму	5.1. Рефлексия және кәсіби даму 5.1. Сабақ тәжірибесін талдау 5.2. Өзін-өзі бағалау және кәсіби жоспарлау

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарлама нақты оқу процесінде МЖМБС талаптарын тиімді іске асыру үшін педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған практикалық-бағдарлы сипатқа ие. Бағдарлама педагог қызметкерінің ғылыми ойлауын, зерттеу жүргізу мәдениетін, педагогикалық тәжірибеге зерттеу нәтижелерін енгізу қабілетін дамытуды мақсат етеді.

175-бұйрықтың 11-тармағына сәйкес, бағдарламаның: нақты мақсаты мен міндеттері және күтілетін нәтижелері бір-бірімен логикалық байланыста, жүйелі бірізділікте әзірленді. Курстың әрбір модулі практикалық тапсырмаларды орындаумен сүйемелденеді, бұл меңгерілген тәсілдер мен технологияларды тікелей білім беру тәжірибесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның мақсаты – педагогтердің ғылыми-ізденіс әлеуетін қалыптастырып, кәсіби тәжірибесінде зерттеушілік дағдыларын тиімді қолдануға қабілеттілігін арттыру. Бұл мақсат педагогтің сабақ беру, оқу процесін

ұйымдастыру, оқу жетістіктерін бағалау және педагогикалық шешім қабылдау барысында ғылыми дәлелдерге сүйенуін қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыру – педагогтің зерттеушілік әдістерді (Action Research, Lesson Study, деректерді талдау) меңгеруін қамтамасыз ету.

2. Педагогикалық тәжірибені талдау және жетілдіру – сабақ жоспарлау мен оқыту әдістерін зерттеу нәтижелерімен үйлестіру.

3. Дәлелді педагогиканы енгізу – оқу процесінде шешімдерді ғылыми негізде қабылдау дағдыларын дамыту.

4. Цифрлық және заманауи технологияларды қолдану – педагогикалық зерттеу жүргізуде цифрлық құралдар мен деректерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.

5. Кәсіби рефлексияны дамыту – педагогтің өз іс-әрекетін бағалау, жетілдіру және кәсіби өсуін жүйелі түрде қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтижелер:

Бағдарламаны толық меңгерген педагогтер мыналарды орындай алады:

1. **Зерттеушілік дағдылар** – өз тәжірибесінде ғылыми әдістерді қолдана отырып, оқыту үдерісін талдай алады.

2. **Деректерге негізделген шешім қабылдау** – сабақтың тиімділігін бағалап, қажетті түзетулер енгізе алады.

3. **Үздіксіз кәсіби даму** – педагогикалық тәжірибені үздіксіз жетілдіру үшін зерттеу нәтижелерін қолданады.

4. **Инновациялық оқыту әдістері** – Lesson Study, Action Research, цифрлық құралдар мен жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдалана алады.

5. **Рефлексия және өз-өзіне талдау** – оқыту тәжірибесін объективті бағалап, кәсіби жетілуге бағытталған іс-шаралар жоспарлайды.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

№	Сабақтың тақырыптары мен модульдері	Дәріс	Тәжірибелік сабақ	Тренинг	Таңдау сабақ	Барлығы
1	1-модуль. Ғылыми-зерттеу негіздері	4	8	2	2	16
1.1	Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық аппараты (тақырып, мақсат, өзектілік)	2	4	-	-	6

1.2	Ғылыми әдебиеттермен жұмыс: академиялық адалдық және дәйексөз келтіру	2	4	2	2	10
2	2-модуль. Action Research және Lesson Study	6	8	4	2	20
2.1	Action Research: Өз тәжірибеңді зерттеу және интервенция жоспарлау	3	4	2	-	9
2.2	Lesson Study: Бірлескен зерттеудің циклі мен тиімділігін арттыру	3	4	2	2	11
3	3-модуль. Дәлелді педагогика және деректерді талдау	4	8	2	2	16
3.1	Сандық және сапалық деректерді жинау (Evidence-based practice)	2	4	2	-	8
3.2	Деректерді интерпретациялау және оқушы жетістігін мониторингілеу	2	4	-	2	8
4	4-модуль. Цифрлық құралдар және инновациялық әдістер	4	6	2	2	14
4.1	Зерттеушінің цифрлық жұмыс орны: Mendeley, Google Scholar, AI сервистері	2	3	2	-	7
4.2	Педагогикалық инновацияларды сынақтан өткізу және бағалау	2	3	-	2	7
5	5-модуль. Рефлексия және кәсіби даму	2	8	2	2	14
5.1	Рефлексия деңгейлері: Кәсіби трансформацияны талдау	1	4	2	-	7

5.2	Зерттеу есебі мен мақала дайындау: Нәтижені жариялау	1	4	-	2	7
	ЖАЛПЫ САҒАТ САНЫ:	20	38	12	10	80

Ескерту: 1 академиялық сағат - 45 минут (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы № 249 бұйрығы).

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бағдарлама бойынша оқыту процесі оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, күндізгі, қашықтықтан немесе аралас форматта жүзеге асырылады. Курстың жалпы ұзақтығы – 80 академиялық сағат, бір академиялық сағат 45 минутты құрайды, ал оқу күнінің ұзақтығы – 8 академиялық сағаттан тұрады. Сондай-ақ, модульдік және зерттеушілік бағыттағы практикалық тапсырмалармен үйлестірілген.

Оқыту барысында педагогтардың белсенді қатысуын және меңгерілген тәсілдерді кәсіби қызметіне енгізуін қамтамасыз ететін келесідей белсенді оқыту формалары қолданылады:

- лекциялар, практикалық сабақтар, семинарлар, зерттеу жобалары, топтық және жеке жұмыстар
- семинарлар, олардың құрамында интерактивті дәрістер болады;
- тәжірибелік сабақтар, мұнда жеке, жұптық және топтық жұмыстар (жобалар, пікірталас, іскерлік ойындар және т.б.) орындалады;
- өзіндік жұмыс, ол да жеке, жұптық және топтық тапсырмаларды (жобалар және т.б.) қамтиды;
- қорытынды жұмыс, оған орта және қысқа мерзімді жоспарларды әзірлеу кіреді.

Сабақтарды өткізу әдістері мен түрлері ретте оқу процесінің тұтастығы мен логикасын сақтай отырып, Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне, педагогтардың біліктілік деңгейіне, модульдер бойынша күтілетін нәтижелерге және оқыту форматына (күндізгі, қашықтықтан, аралас) сәйкес анықталады.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

№	Модуль тақырыбы	Сағат	Дәріс түрі	Оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі
1	Ғылыми-зерттеу негіздері	16	Проблемалық дәріс, шолу дәрісі	Презентациялар, ғылыми әдіснама бойынша нұсқаулықтар, Google

				Scholar-мен жұмыс парақтары, академиялық жазу үлгілері.
2	Action Research және Lesson Study	20	Дәріс-визуализация, кейс-стади	Зерттеу циклдарының алгоритмдері, бақылау парақтары (observation sheets), Lesson Study хаттамаларының шаблондары, видео-кейс материалдары.
3	Дәлелді педагогика және деректерге негізделген шешім қабылдау	16	Дәріс-дискуссия, бинарлық дәріс	Сауалнама конструкторлары (Google Forms/Microsoft Forms), деректерді талдауға арналған Excel кестелері, статистикалық интерпретациялау атласы.
4	Цифрлық құралдар және инновациялық әдістер	14	Дәріс-конференция, практикалық демонстрация	Жасанды интеллект (AI) құралдарымен жұмыс нұсқаулығы, библиографиялық менеджерлер (Mendeley/Zotero) бойынша видео-нұсқаулықтар.
5	Рефлексия және кәсіби даму	14	Дәріс-диалог, рефлексиялық сессия	Рефлексиялық күнделік үлгілері, кәсіби портфолио құрылымы, мақала жазуға арналған баспа талаптары мен талаптар жинағы.

8. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Оқыту нәтижелерін бағалау процесі педагогтің зерттеушілік құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтауға, меңгерілген дағдылардың сапасын бағалауға және курс мақсатына жету деңгейін өлшеуге бағытталған. Бағалау жүйесі пән саласының ерекшеліктеріне сәйкес теориялық білім мен практикалық зерттеу дағдыларының өзара байланысын көрсетеді. Мұғалімдердің зерттеушілік құзыреттіліктерінің даму деңгейін анықтау үшін шағын жобалардың презентациялары өткізіледі (4-5 слайдтан көп емес). Зерттеуші педагогтың портфолиосын (немесе жобасын) бағалау парағы төмендегі кестеде көрсетілген:

- 13 – 15 балл: «Өте жақсы» (Зерттеушілік дағдылары жоғары деңгейде қалыптасқан).

- 9 – 12 балл: «Жақсы» (Әдістемелік негіздерді меңгерген, бірақ кейбір қадамдарды нақтылау қажет).
- 5 – 8 балл: «Қанағаттанарлық» (Тәжірибелік қолдауда қиындықтар бар).
- 0 – 4 балл: «Қанағаттанарлықсыз» (Бағдарламаны қайта меңгеру ұсынылады).

№	Бағалау критерийі	0 балл	1 балл	2 балл	3 балл	Қорытынды балл
1	Презентацияны таныстыру деректері: Деректер дұрыс бейнеленген, логикалық жүйелілік сақталған және көрнекілігі жоғары.	Талапқа сай емес	Жартылай бейнеленген	Түсінікті, бірақ жүйесіз	Толық, жүйелі және көрнекі	
2	Әдістемелік аспект: Зерттеу әдістерінің (Action Research/Lesson Study) түсінігі қадағаланады, ерекшеліктері мен қолданылуы терең қарастырылған.	Қарастырылмаған	Теориялық сипатта	Тәжірибемен байланыс бар	Терең талданған, дәлелді	
3	SMART мақсат: Өзін-өзі дамыту траекториясы нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы және уақытпен шектелген мақсаттар арқылы қолдау табады.	Мақсат жоқ	Мақсат бұлдыр	SMART форматы жартылай сақталған	Толық SMART форматында	
4	Болашақ іс-әрекет жоспары: Мұғалімнің өзін-өзі дамытуы мен ғылыми ізденісі бойынша алдағы қадамдарының нақты алгоритмі жасалды.	Жоспар жоқ	Тек жалпы бағыттар	Қадамдар бар, бірақ ретсіз	Нақты, кезең-кезеңімен жасалған	
5	Дәлелділік және рефлексия: Өз тәжірибесіне талдау жасау деңгейі және деректерге (цифрлық құралдар нәтижесіне) сүйенуі.	Рефлексия жоқ	Үстірт талдау	Тәжірибелік дәлелдер бар	Сыни талдау және негізделген рефлексия	
	ЖАЛПЫ БАЛЛ (Максимум – 15 балл)					

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Курстан кейінгі кәсіби қолдау педагогтің зерттеушілік қызметін одан әрі нығайтуға, жаңа дағдыларды практикада бекітуге және кәсіби қауымдастықпен тұрақты байланыс орнатуға бағытталады. Курстан кейінгі қолдау білім алушылардың оқу нәтижелерінің ұзақ мерзімді сақталуына ықпал етеді. Қолдау форматтары:

1 кезең – *Ақпараттық-консультациялық қолдау* - Куратордың (оқытушының) түрлі байланыс құралдарын (e-mail, WhatsApp, Telegram, Google Meet) қолдана отырып, зерттеу жұмысын іске асыру барысында туындаған қиындықтар бойынша жеке және топтық онлайн консультациялар өткізуі.

2 кезең – *Әдістемелік және цифрлық мониторинг*. Пилоттық білім беру ұйымдарындағы тыңдаушылардың жұмыс тәжірибесін зерделеу. Оларды Action Research және Lesson Study жүргізуге арналған жаңартылған әдістемелік нұсқаулықтармен және цифрлық ресурстармен (шаблондар, бағдарламалар) қамтамасыз ету.

3 кезең – *Тәжірибелік коучинг және кері байланыс*. Курс кураторы тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға қажетті қолдауды олардың сабақтарына онлайн/офлайн қатысу және зерттеу нәтижелерін талдау арқылы жүзеге асырады. Жіберілген қателіктерді түзетуге бағытталған сындарлы кері байланыс беру.

4 кезең – *Желілік қоғамдастық*. Тыңдаушылардың арасында өзара тәжірибе алмасу алаңын (мысалы, Facebook тобы немесе арнайы сайт) құру. "Үздік зерттеу кейстері" вебинарын ұйымдастырып, мұғалімдердің бір-бірінен үйренуіне жағдай жасау.

5 кезең – *Нәтижелерді тарату және пост-курстық бағалау*. Тыңдаушылардың зерттеу мақалаларын ғылыми жинақтарға дайындауға көмектесу. Курс аяқталғаннан кейінгі 3-6 ай ішінде педагогтың кәсіби өсу динамикасын (траекториясын) қорытынды бағалау.

Қолдау әдістері: фасилитация; тәлімгерлік және коучинг; бірлескен талдау (collaborative analysis); кәсіби рефлексия; кері байланыс беру;

10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Астана: Ақорда, 1995 (соңғы өзгерістер мен толықтырулармен).
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. — Астана: Ақорда, 2007 (соңғы өзгерістер мен толықтырулармен).
3. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. — Астана: Ақорда, 2019.
4. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2025 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. — Астана, 2024.
5. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен).
6. Тиісті деңгейдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.
7. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
8. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 4 мамырдағы № 203 бұйрығы (соңғы өзгерістермен).
9. Сарсенбаева, Л., Мухамеджанова, Д., Кучумова, Г., Жақсыбай, М. (2024). «Қазақстандағы зерттеуге бағытталған мұғалім білімі: бағдарламалар және әдебиеттерді талдау». *Вестник педагогических наук* (ҚазҰПУ Хабаршысы), № 3(83).
10. Абай атындағы ҚазҰПУ. (2023). *Action Research – педагог-зерттеуші моделін қалыптастыру негізі: 80 сағаттық біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы*. Алматы. (Бағдарлама мәтіні: гранттық жоба, AR 14872311) [ҚазҰПУ+1](#)
11. Жарқынбек, А. Ғ. (2024). «Жоғары мектепте ғылыми-зерттеу әдістерін тиімді қолдану жолдары». *Qazaq Journal of Young Scientist*, № 2(12). [Qazaq Journal](#)
12. Аубакирова, С. А. (2023). «Интеграциялық және инновациялық әдістер арқылы дарынды балалармен жұмыс істеу: цифрландыру жағдайындағы тәжірибе». *Dulaty University Хабаршысы*, 2023 (2). [Дулати Журналдары](#)
13. «Іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) мұғалімдердің зерттеу белсенділігін арттыру құралы ретінде» — жинақ материалдары мен семинарлар сериясы, Абай атындағы ҚазҰПУ, 2022–2024.
14. Дәулетбекова Ж. К. Педагогикалық зерттеу әдіснамасы: Оқу құралы. — Алматы: Эпиграф, 2021.

15. Дуартэ К., Макнамара О. Ис-әрекеттегі зерттеу (Action Research): Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. — Астана: НЗМ ДББҰ, 2018.
16. Дудли П. Lesson Study: Кәсіби дамудың практикалық нұсқаулығы. — Кембридж (қазақша аудармасы НЗМ), 2015.
17. Мыңбаева А. К. Педагогикалық зерттеу әдістері: Оқу-әдістемелік құрал. — Алматы: Қазақ университеті, 2019.
18. Sagor R. The Action Research Guidebook: A Four-Stage Process for Educators and School Teams. — Corwin, 2017.

Қосымша әдебиеттер:

Шетелдік / халықаралық басылымдар:

1. Әлімов А. Қ. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. — Алматы, 2015.
 2. Сүлейменова С. Ж. Білім берудегі деректерді талдау және интерпретациялау (Data literacy). — Алматы: Ғылым, 2022.
 3. Hattie J. Visible Learning for Teachers: Maximizing Impact on Learning. — Routledge, 2012. (Дәлелді педагогика бойынша негізгі еңбек).
 4. OECD. TALIS 2018 Results: Teachers and School Leaders as Lifelong Learners. — OECD Publishing, 2019.
 5. Зерттеуші мұғалімге көмекші: Әдістемелік жинақ (Электронды ресурс). — «Өрлеу» БАҰО, 2023.
 6. Berikhanova, A., Sapargaliyeva, B., Ibraimova, Z., Sarsenbayeva, L., Assilbayeva, F., Baidildinova, D., & Wilson, E. (2023). *Conceptualising the Integration of Action Research into the Practice of Teacher Education Universities in Kazakhstan*. *Education Sciences*, 13(10), 1034. <https://doi.org/10.3390/educsci13101034> [MDPI](#)
 7. Yan, L., Sha, L., Zhao, L., Li, Y., Martinez-Maldonado, R., Chen, G., Li, X., Jin, Y., & Gašević, D. (2023). *Practical and Ethical Challenges of Large Language Models in Education: A Systematic Scoping Review*. Preprint. arXiv. <https://arxiv.org/abs/2303.13379> [arXiv](#)
 8. Villan, F., & dos Santos, R. (2023). *ChatGPT as Co-Advisor in Scientific Initiation: Action Research with Project-Based Learning in Elementary Education*. Preprint. arXiv. <https://arxiv.org/abs/2311.14701> [arXiv](#)
 9. Coe, R., Waring, M., Hedges, L., & Arthur, J. (2021). *Research methods and methodologies in education* (3rd ed.). London: SAGE.
 10. Creswell, J. W., & Creswell, J. D. (2020). *Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches* (5th ed.). Thousand Oaks: SAGE.
- [Интернет-ресурстар және цифрлық құралдар](#)
11. Google Scholar (scholar.google.com) — ғылыми еңбектер мен мақалаларды іздеу жүйесі.
 12. Library.kz — Қазақстанның ашық кітапханасы мен ғылыми мақалалар базасы.
 13. Zertteu.kz — Педагогтарға арналған ғылыми-әдістемелік портал.

14. Mendeley / Zotero — библиографиялық деректерді басқаруға арналған бағдарламалар (цитата келтіру үшін).

15. Coursera / EdX — "Educational Research" және "Evidence-based Education" бағытындағы онлайн курстар платформасы.